

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Президенттерінің бірлескен мәлімдемесі

Бірлескен мәлімдеме Москва қаласы 1998 жылғы 6 шілде. Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

1998 жылғы шілденің 6-сында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жұмыс бабындағы сапармен Ресей Федерациясында болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Ресей Федерациясының Президенті Б.Н.Ельцин Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының көкейкесті мәселелерін және халықаралық проблемаларды толық талқылай келіп, төмендегілер туралы мәлімдейді:

1. Қазақстан мен Ресей ХХІ ғасырдың қарсаңында мәңгілік достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастарының жаңа деңгейіне көтерілмек. Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарының екі мемлекет үшін терең маңызы бар, олар еуразиялық кеңістіктегі халықаралық тұрақтылық пен ынтымақтастықтың маңызды факторы болып т а б ы л а д ы .

Жинақталған тәжірибені пайдаланып және жаңа сипаттағы жағдайларды ескере отырып, Қазақстан мен Ресей барлық салалардағы ХХІ ғасырға бағдарланған өзара ынтымақтастықты үдемелі тереңдету әрі байыту жолымен дәйекті түрде және ұдайы і л г е р і ж ы л ж и т ы н б о л а д ы .

Осы мақсаттарда жоғары деңгейдегі тұрақты саяси байланыстардың, үкімет басшылары кездесулерінің және сыртқы істер министрлерінің арасындағы консультациялардың, парламенттер мен парламентшілердің, атқарушы өкімет құрылымдарының, Қазақстан Республикасының облыстары мен Ресей Федерациясының субъектілері арасындағы байланыстардың қалыптасқан практикасы бел сен ді тү р де да м и т ы н б о л а д ы .

2. Қазақстан мен Ресей бірлікті, аумақтық тұтастықты, егемендікті, бір-бірінің тәуелсіздігін сенімді түрде қамтамасыз етуге бағытталған екі жақты күш-жігерлерге мүдделі түрде жәрдемдеседі және жікшілдіктің кез келген көріністерінің алдын алу ү ш і н ш а р а л а р қ а б ы л д а й т ы н б о л а д ы .

3. Президенттер сауда-экономикалық, инвестициялық және ғылыми-техникалық салалардағы екі жақты және көп үлгідегі өзара тиімді қазақстан-ресей интеграциялық ынтымақтастығын ұ л ғ а й т у ғ а з о р ма ңыз б е р е д і .

Екі ел үкіметтеріне 1998 жылдың аяғына дейін Президенттердің қол қоюы үшін, өндірістік және ғылыми-технологиялық кооперацияны дамытуды, меншіктің барлық нысандарындағы шаруашылық субъектілері арасындағы тікелей байланыстарды, аймақтар деңгейіндегі өзара іс-қимылдарды қоса алғанда оларды орындау жөніндегі

ж е т і л д і р у д і

к ө з д е й д і .

Қазақстан мен Ресей 1992 жылғы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың, өздерінің әскери доктриналарының келісілген ережелерінің және қорғаныстың жеткіліктілік принципінің негізінде ортақ әскери-стратегиялық кеңістік шеңберінде сенімді бірлескен қорғанысты қамтамасыз етуде белсенді түрде өзара іс-әрекет жасайтын болады .

7. Президенттер тиісті шекаралық, кедендік, көші-қон, санитарлық және басқа да жалпыға бірдей қабылданған бақылаудың нысандарын қамтамасыз ету мүдделерінде созылып жатқан бірлескен шекарадағы режимді жөнге келтірудің маңыздылығын атап көрсетті .

Осы тұрғыда олар Қазақстан мен Ресей бауырлас халықтарын бөлмейтін, қайта біріктіретін достық, тату көршілік және ынтымақтастық шекарасы болғанын және болып қала беретінін түсіну мен қазақстан-ресей шекарасын белгілеуді біртіндеп жүргізуді қолдап, пікір білдірді.

8. Қазақстан мен Ресей трансшекаралық ұйымдасқан қылмыспен, халықаралық терроризммен, есірткі құралдары мен қару-жарақтың контрабандасымен күресуде, агрессивті діни және өзге де экстремизмнің таралуына қарсы әрекет етуде өзара іс-әрекеттерін тереңдететін болады.

Осы мақсаттарда тұрақты түрде өзара консультациялар, ақпарат және тәжірибемен алмасу жүргізілетін болады, қажет болған жағдайларда бірлескен және үйлестірілген іс-әрекеттер жүзеге асырылады.

9. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптың аумағында тұрып жатқан өз азаматтарының құқықтарын қорғайды, оларға және өз отандастарына халықаралық құқық нормаларына сәйкес қолдау көрсетеді. Осы мақсаттарда Тараптар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Президенттерінің жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссиялардың өзара іс-қимылдарын жандандырады.

Қазақстан мен Ресей өзара негізде ақпараттық-мәдени орталықтарын ашудағы өздерінің мүдделілігін қуаттайды.

10. Қазақстан мен Ресей екі ел азаматтарының, қоғамдық бірлестіктерінің арасындағы байланыстарды, мәдениет, білім, ғылым салаларындағы ынтымақтастықты барынша қолдайды әрі көтермелейтін болады, ортақ ақпараттық кеңістіктің ұлғаюына жәрдемдеседі .

11. Қазақстан мен Ресей негізгі халықаралық проблемалар бойынша ұқсас немесе жақын көзқарастар ұстанып отыр және екі негізде де, сонымен бірге БҰҰ, ЕҚЫҰ, сондай-ақ басқа да халықаралық ұйымдар мен формдардың шеңберінде де саясат саласындағы өзара іс-қимылды тереңдететін болады.

Тараптар ядролық қаруды таратпаудың халықаралық режимін және оны сынауға тыйым салуды барлық елдердің сақтауының, соның ішінде Орталық Азия аймағы үшін де, маңыздылығын атап өтеді .

Үндістан мен Пакистан жүргізген ядролық сынақтардың нәтижесінде Оңтүстік Азиядағы шиеленістің күшеюіне үлкен алаңдаушылық білдіре отырып, Қазақстан мен Ресей осы елдерді жаңа сынақтарды жүргізуден бас тартуға және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға табанды түрде шақырады.

Ресей Қазақстан ұсынған Азиядағы өзара іс-қимылдар мен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыруға қатысты бастаманы қолдайды.

12. Қазақстан мен Ресей Тәуелсіз Мемлекеттер достастығын дамытуға және нығайтуға, осы тарихи тұрғыда қалыптасқан интеграциялық бірлестік қызметінің серпінділігін және тиімділігін арттыруға деген өздерінің берік адалдығын қуаттайды. Осы тұрғыда олар ТМД-ны жетілдіру және оны реформалау жөніндегі арнайы Мемлекетаралық форумды табысты өткізуге зор маңыз береді.

13. Президенттер Кеден одағына қатысушы мемлекеттер ынтымақтастығының барған сайын өсіп келе жатқан белсенді тиімді сипатын қанағаттанғандықпен атап өтеді.

Ресей жағы Орталық Азия одағына қатысушы мемлекеттердің өзара іс-қимылдарын тереңдету мақсатында Қазақстан мен ТМД-дағы басқа да өз әріптестерінің күш-жігерлерін оң бағалайды.

Тараптар ынтымақтастық пен интеграцияның әр түрлі жылдамдықтағы және көп үлгілі дамуының нұсқасын пайдалану тұтасымен алғанда Достастықты нығайту мүдделеріне қызмет етуге тиіс екендігін негізге алады.

14. Қазақстан мен Ресей 1997 жылғы 27 маусымдағы Тәжікстанда бейбітшілік пен ұлттық келісім орнату туралы жалпы келісімнің негізінде Тәжікстан Республикасындағы саяси және экономикалық тұрақтандыру мүдделерін көздеп, халықаралық күш-жігер жұмсау тұрғысынан, соның ішінде БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ы желілері бойынша өзара іс-қимылды жалғастыруға әзірліктерін қуаттайды, осы елдің халқына демократиялық, құқықтық зайырлы және біртұтас мемлекетті құруда табыс тілейді.

15. Президенттер Ауғанстандағы аймақтық қауіпсіздік үшін қатер тудыратын, шиеленісіп кетуі мүмкін жағдайдың сақталуына байланысты үлкен алаңдаушылық білдіреді. Қазақстан мен Ресей жанжалдасып жатқан ауған тараптарын, ең алдымен Талибтер қозғалысын БҰҰ демеуімен сындарлы диалогқа және мүдделі мемлекеттердің белсенді жәрдем етуімен халықтың барлық этникалық, діни топтарының және саяси күштерінің заңды құқықтары мен мүдделерін ескере отырып, өкілеттігі кең үкіметті құру арқылы саяси реттеуге қол жеткізуге шақырады.

16. Президенттер Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ресей Федерациясына жұмыс бабындағы сапарының нәтижелеріне қанағаттанушылық білдірді, ол достықтың, өзара түсініктің және сенімнің дәстүрлі ахуалында өтті.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырға бағдарланған Мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияға қол қойылуы екі ел арасындағы қарым-қатынастардағы маңызды оқиғаға айналды.

Мемлекеттер басшылары өз елдерінің министрліктерін, ведомстволарын және ұйымдарын сапардың барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды тез арада және толықтай жүзеге асыруға бағыттайды.

Ресей Федерациясының Президенті Б.Н.Ельцин 1998 жылғы қыркүйекте мемлекеттік сапармен Қазақстанға келеді.

Мәскеу, 1998 жылғы 6 шілде.

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.